

Қытай Халық Республикасы Төрағасының 1996 жылғы шілдедегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысындағы қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1432

Қытай Халық Республикасы Төрағасының 1996 жылғы шілдедегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысындағы қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-қытай ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қытай Халық Республикасы Төрағасының 1996 жылғы шілдедегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысындағы қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік

комитеттері, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдары шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылда кемінде бір рет хабарлама жасап тұрсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 22 қарашадағы
N 1432 қаулысымен
бекітілген

Қытай Халық Республикасы Төрағасының 1996 жылғы шілдедегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысындағы қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар

ЖОСПАРЫ

N р/с	Шаралар атауы	Тапсырманың мазмұны
1	2	3
1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру	Келісімнің күшіне ену рәсімін орындау жөнінде ұсыныс енгізу Келісімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету	
2. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынас орнауының бес жылдығына арналған шараларды ұйымдастыру (03.01.97)	Шаралар жоспарын әзірлеп және оны қытай жағымен келісу	
3. Қытай жағымен Ақмола қаласының құрылысын салу жөніндегі ынтымақтастық нысандарының мүмкіндігін пысықтау	Қытай жағына ақпарат беру және келіссөз жүргізу	
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық саясат жөніндегі мемкомитеті мен Қытай Халық Республикасының Ұлттар ісі жөніндегі мемкомитеті арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді әзірлеу	Жобаны әзірлеу және оны қытай жағымен келісу	
5. Қытай жағымен қазақстандық студенттердің ҚХР-дың оқу орындарындағы оқыту квотасын 50 адамға дейін көбейту мәселесін пысықтау	Келіссөздер жүргізу	
Орындалу мерзімі	Орындауға жауаптылар бөлімдер	Бақылауға жауапты

1996 жылғы желтоқсан	Қорғанысмині, Өнеркәсіпсаудамині, Қаржымині, Әділетмині, Сыртқыісмині	Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімі
тұрақты	Қорғанысмині, Сыртқыісмині	Бұл да сол
1996 жылғы желтоқсан	Сыртқыісмині бөлімі	Сыртқы байланыстар
1996 жылғы желтоқсан	Сыртқыісмині, Өнеркәсіпсаудамині, Экономмині	Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия
1996 жылғы	Ұлтмемкомы, Еңбекмині, Әділетмині, Сыртқыісмині	Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі
1997 жылғы	Біліммині, Сыртқыісмині	Бұл да сол